

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
РГП на ПХВ «ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ.М.АУЭЗОВА» МОН РК



## ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ПРОГРАММА

- 📍 160012, город Шымкент, проспект Тауке хана, 5
- ☎ (8-725-2) 21-01-41, факс: (8-725-2) 21-01-41
- ✉ canselyarya@mail.ru, info@ukgu.kz
- 📘 @official.ukgu.kz
- 📷 @auezov\_university

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ

«БЕКІТЕМІН»

Басқарма төрағасы-ректор \_\_\_\_\_

т.ғ.д., академик Қожамжарова Д.П.

«\_\_»\_\_\_\_\_20\_\_ж.

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

7M02310 - "Филология"

Тіркеу нөмері	
Білім беру бағытының коды мен классификациясы	7M02 - "Өнер және гуманитарлық ғылымдар"
Даярлау бағыттарының коды мен жіктелуі	7M023 - "Тілдер және әдебиет"
Білім беру бағдарламаларының тобы	M060
Білім беру бағдарламасының түрі.	қолданыстағы
БХСЖ бойынша деңгейі	0230
ҰБШ бойынша деңгейі	7
СБШ бойынша деңгейі	7
Оқыту түрі	қазақша, орысша
Типтік оқу мерзімі	2жыл
Оқытудың нысаны	күндізгі
Білім беру бағдарламасының еңбек сыйымдылығы, кем емес	120 кредит
Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері	жоқ
Серіктестік ЖОО (ҚҚБ)	-
Серіктестік ЖОО (ҚДББ)	-
Әлеуметтік серіктестік (ҚББ)	-

Шымкент, 2021ж.

**Дайындағандар:**

<b>Аты-жөні, әкесінің аты</b>	<b>қызметі</b>	<b>ҚОЛЫ</b>
Ыбырайым Ә.О.	Филология факультетінің деканы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент	_____
Тасполатов Б.Т.	Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты, доцент	_____
Әлімбаев М.Е.	Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к.	_____
Әлімқұлов А.	Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы	_____
Ағабеков О.М.	Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының магистр оқытушысы	_____
Түйме Қ.	Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының 2 курс магистранты	_____
Ажидинов А.С.	т.ғ.к., профессор, ректор Орталық Азия Инновациялық университеті	_____

Білім беру бағдарламасы Филология факультетінің Әдістемелік комиссиясында қаралды

ӘК (комитет) төрайымы \_\_\_\_\_ Абитиярова А.

Хаттама № \_\_\_\_\_ « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2021 ж.

М.Әуезов атындағы ОҚМУ Оқу-әдістемелік Кеңесінің мәжілісінде талқыланып,  
бекітуге ұсынылды Хаттама № \_\_\_\_\_ « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2021ж.

Университеттің Ғылыми Кеңесінің шешімімен бекітілді

Хаттама № \_\_\_\_\_ « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2021 ж.

## МАЗМҰНЫ

	Кіріспе.....	5
1.	Білім беру бағдарламасының төлқұжаты.....	8
2.	БББ бойынша оқыту нәтижелері.....	10
3.	БББ түлегінің құзыреттері.....	11
4.	Білім беру бағдарламасының модульдері негізінде игерілген кредиттердің көлемін көрсететін құрама кесте.....	14
5.	Пәндер жөніндегі мәліметтер.....	15
	Келісу парағы.....	25
	Қосымша 1. Жұмыс берушіден рецензия	
	Қосымша 2. Сараптамалық қорытынды	

## **Кіріспе**

### **1. Қолдану аймағы**

ҚР Білім және ғылым министрлігінің ШЖҚ РМК М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде 7M02310 – «Филология» білім беру бағдарламасы бойынша магистранттарды дайындауды жүзеге асыруға арналған.

### **2. Нормативтік құжаттар**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (04.07.2018 ж. енгізілген өзгертулер толықтырулармен);

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 31 қазандағы № 17657 болып тіркелген);

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша берудің оқу үрдісін ұйымдастырудың қағидаларын бекіту туралы» 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығына 2018 жылғы 12 қазандағы № 563 бұйрығымен енгізілген өзгертулер мен толықтыруларымен.

### **3. Білім беру бағдарламасының тұжырымдамасы**

Білім беру бағдарламасының мақсаты университеттің миссиясына сәйкес және білімі үздік әлемдіктәжірибелергесайкелетін, кәсіпкерлік дағдыларды игерген, үштілдіеркін меңгерген, тұжырымдамалық, аналитикалық және логикалық ойлауға қаабілетті, кәсіби қызметкешығармашылықпен қарайтын, ұлттық және интернационалдық ұжымда жұмыс істеуге қаабілетті, өмір бойы оқу стратегиясын қолдайтын еліміздің зияткерлік элитасындайындауға бағытталған.

Білім беру бағдарламасы ҚР Ұлттық біліктілік шеңберінің 6 деңгейімен, Дублин дескрипторларымен, Еуропалық жоғары білім беру кеңістігінің біліктілік шеңберінің 1 циклімен, (A Framework for Qualification of the European Higher Education Area), сонымен қатар өмір бойы білім алу үшін Еуропалық біліктілік шеңберінің 6 деңгейімен (The European Qualification Framework for Lifelong Learning) үйлесімділікте.

Білім беру бағдарламасы кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру арқылы стейкхолдерлердің талаптарын ескере отырып түзетілген ғылыми-зерттеу, тәжірибелік және кәсіпкерлік қызметтің қажетті түрлерімен байланысты кәсіби және әлеуметтік тапсырысқа бағытталған.

7M02310 –«Филология»бағыты заманауи филологиялық ғылым саласына аса қажетті жоғары білікті мамандарды дайындауға бағытталған. Филолог магистранттардың іргелі теориялық-методологиялық дайындығы олардың кәсіби құзыреттілігін қамтамасыз етеді. Қазіргі таңда бірнеше шет тілді еркін меңгерген, түрлі жанр мен стильдегі ауызша және жазбаша мәтіндерді аударуға қабілетті, әр түрлі салада өз ойын айта алатын, форумдарды, симпозиумдарды және халықаралық конференцияларды дұрыс ұйымдастыра алатын жоғары білікті мамандардың жетіспеушілігі сезіліп жатыр. Осыған орай, жоғары білікті филолог мамандардың қажеттілігі уақыт талабы.

Филологиялық ғылым мен педагогикалық қызмет саласында тұжырымдамалық білімі бар, ғылымдағы озық инновациялық әдістер мен технологияларды жетік меңгеріп, кәсіби қызметінде қолдана білетін, нәтижеге қол жеткізе жете алатын, алған білімдерін өзінің ғылыми-зерттеу жұмыстарында еркін қолдана алатын жан-жақты жетілген маман дайындау.

Зерттеу жұмыстарымен айналысатын филолог тілдік фактілер мен құбылыстарды заманауи жалпығылыми және лингвистикалық жетістіктердің, сонымен қатар әдістемелік жетістіктердің көзқарастары арқылы бағалай білуі қажет. Тіл білімі саласындағы тұрақты мәселелердің бірі – лингвистикалық зерттеу әдістерінің жетілдірілуі болып табылады. Жаңа бастап жүрген зерттеушілерге терминдердің көптігінен, олардың түсіндірмелерінің әртүрлілігінен, жіктеу қағидалары мен түрленулерінің әсерінен ғылым әдістемесін ұғыну қиынға соғып жатады.

Бағдарлама бойынша оқыту нәтижелеріне келесідей оқу іс-шараларын жүзеге асыру арқылы қол жеткізіледі:

- аудиториялық сабақтар, дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар – оқытудың инновациялық технологияларын, ғылымның жаңа жетістіктерін, технологиялары мен ақпараттық жүйелерін пайдалана отырып жүргізу;

- аудиториядан тыс сабақтар: білім алушының өзіндік жұмыстары, сонымен қатар оқытушының басшылығымен жасалынатын жұмыстар мен жеке кеңес беру сабақтары;

- кәсіптік, зерттеу практикаларын жүргізу, магистрлік жұмыстарын (жобаларды) орындау.

- магистранттың ғылыми-зерттеу жұмыстары.

Университет академиялық адалдықты және академиялық еркіндікті қолдауға, білім алушыға көрсетілген төзбеушілік және кемсітушіліктің кез келген түрінен қорғауға байланысты шаралар қабылданған. Ғылыми зерттеулердің үздіксіз жүргізілуінің нәтижесінде ғылым өз деңгейінде дамиды. Ғылыми таным процесі айрықша жүйелілік пен бірізділігімен ерекшеленеді. Ғылыми ізденіс белгілі бір мақсатқа негізделген және жоспарланған сипатқа ие. Сондықтан ғылыми зерттеу адамның танымдық іс-әрекеті болғандықтан, танудың түрлі әдістерін қолданбау мүмкін емес. Ғылыми әдістемені практикалық түрде игеру жаңа ілімді іздеуді тиімді түрде жүзеге асыруға, сонымен қатар жаңа ғылыми мәселені зерттеу барысында әдістерді дәйекті түрде таңдауға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда ғылыми-зерттеу қызметі саласына бүкіл әлем бойынша жүз мыңдаған адамдар тартылған. Олардың зерттеулерінің нәтижелері тікелей өндіруші күшке айналып жатыр, айтарлықтай дәрежеде заманауи қоғамның дамуының бағыттары мен үрдісін анықтауда. Ғылым ұйымдарының жаңа түрлері қалыптасуда, ғалымдар қолданылатын әдістерін міндетті

түрде жүйелендірумен, пәнаралық және транспәндік зерттеу стратегияларын жасап шығарумен соқтығысатын ірі зерттеу ұжымдары құрылуда. Ғылымның жалпы анықтамасы келесідегідей түрде болуы мүмкін: ғылым өз алдына еңбек бөлінісі процесі кезінде ерекшеленген және білім алуға бағытталған адам қызметі дегенді білдіреді, яғни ғылым – бұл білім өндірісі. Заманауи ғылым төмендегідей түрлі аспектілерді құрайды:

- 1) құбылыстарды зерттеуге қажетті құралдар мен жабдықтар;
  - 2) құбылыстарды зерттеу әдістері;
  - 3) институттар, ғылыми ұйымдар;
  - 4) ғылыми зерттеулермен айналысатын адамдар;
  - 5) мәтін түрінде тіркелген білім жүйесі;
- б) конференциялар, ғылыми экспедициялар, диплом, диссертация қорғау және де тағы басқалары. Жоғарыда айтылған ғылыми зерттеу аспектілерін магистрант тағдалған бағыт бойынша игеруі қажет.

-магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы өзіндік ғылыми жұмысты жүргізуді, шетелдік ғылыми кеңесшінің жоо-да ғылыми тағылымдама өтуді, ғылыми жарияланымдарды дайындау мен магистрлық диссертацияны орындауды құрайды.

-Магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмысын жоспарлау семестр бойынша білім беру бағдарламасының жұмыстық оқу жоспарларына сай жүзеге асырылады;

-Әр семестрдің соңына қарай магистранттар аралық аттестация МҒЗЖ кезінде жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижелері бойынша шығарушы кафедрада ғылым жетекшілерінің қатысуымен өткізілген жиналысында есеп береді.

#### **4.Талапкерлерге қойылатын талаптар**

ҚР Білім және ғылым министрлігінің 31.10.2018ж. №600 бұйрығымен бекітілген Жоғарыжәне жоғары білімнен кейінгібілімберубағдарламаларыніскеасыратынбілімберуұйымдарынаоқуғақабылдаудыңүлгілікқағидаларына сәйкес белгіленген.

# 1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ТӨЛҚҰЖАТЫ

## 1.1 Мамандық бойынша білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеті

**Білім беру бағдарламасының мақсаты:** Білім мен ғылымның жоғары стандартына сәйкес келетін, нарықта сұранысқа ие, сыни тұрғыдан ойлай алатын, ақпараттық ортада бағдарлай алатын, ғылыми, білім беру саласындағы мәселелерді шеше алатын тіл білімі магистрлерін даярлау

### **Білім беру бағдарламасының міндеттері:**

- заманауи филология ғылымы саласында толыққанды және сапалы кәсіптік білім алу дағдысын қамтамасыз ету;
- заманауи зерттеу технологиялары мен әдістерін игеруді қамтамасыз ету;
- бітіруші түлектердің кәсіптік салада бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру, олардың мамандық бойынша тезірек жұмысқа орналасу мүмкіндігін жасау;
- филологиялық зерттеулерді ұйымдастыру және іргелі зерттеулер жүргізу дағдысын дамыту;
- қазіргі филология ғылымындағы өзекті мәселелердің және заманауи ғылыми зерттеулердің жай-күйіне сыни талдау жүргізу қабілетін қалыптастыру;
- қазіргі филология ғылымы бойынша терең білімін қалыптастыру және заманауи ғылыми зерттеулерге талдау жасай алу қабілеттілігін қалыптастыру;
- ғылыми жобалар жасауға дағдыландыру, жоғарғы нәтижеге қол жеткізуді қамтамасыз ететін ғылыми зерттеулерді қазіргі заманғы ғылыми парадигмалар мен ғылыми-зерттеу технологиялары негізінде орындау дағдысын қалыптастыру;
- қоғамдағы әлеуметтік жауапты мінез-құлықты қалыптастыру, кәсіби этикалық нормалардың маңыздылығын түсіну және осы нормаларды ұстану;
- жоғары интеллектуалды дамуға жағдай жасау, сауатты сөйлеуге машықтандыру, тіл білімі мен әдебиеттану бағытында ғылыми зерттеу жасау және ойлау мәдениеті дағдысын қалыптастыру;
- түлектердің кәсіптік салада бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру, олардың мамандық бойынша тезірек жұмысқа орналасу мүмкіндігін қамтамасыз ету немесе білім берудің келесі деңгейінде үздіксіз білім алуын қамтамасыз ету..

## 1.2 Мамандықтар мен лауазымдар тізімі

Аталған білім беру бағдарламасының түлегіне «гуманитарлық ғылымдардың магистрі» дәрежесі беріледі. Кәсіби қызмет саласы білім беру, ғылым, баспа ісі, орта және арнаулы орта, жоғары оқу орындары, әлеуметтік-гуманитарлық қызметтердің басқа да салалары болып табылады. 7М02310 – Филология мамандығы магистрі журналистика саласында, ЖОО-да оқытушылық қызметте, ғылыми-зерттеу мекемелерінде, ұйымдастыру-басқару, ғылыми-зерттеу мекемелерінде кәсіби қызмет түрлерін атқара алады. 7М02310 – Филология мамандығы магистрі филология бағытында ғылыми зерттеулер жүргізу, мәдениет саласында ағартушылық жұмыстар жүргізу, білім беру, мәдениет, басқару мекемелерінде, мәдениетаралық қатынас саласында және әлеуметтік-гуманитарлық қызметтің басқа да салаларында филологиялық білімді қажет ететін кәсіптік қызметтерді жүзеге асырады.



### **1.3 Білім беру бағдарламасын бітірген түлекке біліктілігі туралы сипаттама**

#### **1.3.1 Кәсіптік қызмет саласы**

Кәсіптік қызмет саласы болып 7M02310 - "Филология"білім беру бағдарламасы бойынша гуманитарлық ғылымдардың магистрі есептелінеді және білім беру саласында келесідегідей қызметтерді жүзеге асырады:

- білім беру мекемелерінде филологиялық пәндерді оқыту;
- филология саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу;
- мекемелерде мемлекеттік және орыс тілдерінде іс қағаздарын жүргізу;
- аудармаларды жүзеге асыру;
- сөз мәдениетіне қатысты тренингтер жүргізу;
- келіссөздер жүргізу бойынша мастер-класстар өткізу;
- соттық-лингвистикалық сараптамалар жүргізу.

#### **1.3.2 Кәсіби қызмет нысандары**

7M02310 - "Филология"мамандығы бойынша бітіруші түлектердің кәсіби қызмет нысаны:

- білім беру саласындағы уәкілетті және жергілікті органдар.
- жоғары оқу орындары;
- ғылыми-зерттеу институттары;
- білім жүйесінің қызметкерлерін қайта дайындау мен біліктілігін арттыру институттары;
- білім беру саласындағы уәкілетті және жергілікті органдар.
- газет және журнал редакциялары, радио және теледидар, баспалар.

#### **1.3.3 Кәсіптік қызметтің пәндері**

7M02310 - "Филология"мамандығы бойынша гуманитарлық ғылымдар магистрінің кәсіптік қызмет пәндері болып табылады:

- білім алушылардың білімі мен тәрбиесін инновациялық психологиялық-педагогикалық әдістер мен құралдарды қолдана отырып ұйымдастыру;
- ЖОО-ның білім беру процесінегізінде зерттеушілік жұмыстарды және орта білім беру мен кәсіптік білім беруді ұйымдастыру;
- уәкілетті және жергілікті атқарушы органдардың инновациялық процестердің сүйемелдеуімен

#### **1.3.4 Кәсіптік қызметтің түрлері**

7M02310 - "Филология"мамандығы магистрі келесі кәсіби қызмет түрлерін орындай алады:

- жоғары және орта кәсіптік білім беру ұйымдары;
- ғылыми-зерттеу орталықтары;
- филологиялық білім және басқа да білім беру ұйымдары жүйесінде.
- газет редакциялары, радио және теледидар;
- мемлекеттік басқару органдары.

## **2. 2. Білім беру бағдарламасы бойынша оқу нәтижелері ОБ бойынша оқу нәтижелері**

ОН1. Жүйелі ғылыми дүниетаным негізінде және ғылым тарихы мен философиясы саласындағы білімді пайдалану арқылы кешенді зерттеулерді жобалау және жүзеге асыру. Әр түрлі ғылыми бағыттар негізінде жинақталған білімді интеграциялау, жаһандану процестерінің қарама-қайшылықтары мен әлеуметтік-экономикалық салдарын түсінуге сүйене отырып, пәнаралық байланыста зерттеу ұстанымдарын жүзеге асырады;

ОН2. Кәсіби ортада шет тілінде тілдесу, бірегей әдеби дереккөздерді пайдалану, академиялық адалдық қағидаты негізінде ғылыми қоғамдастыққа өзінің бірегей идеяларын хабарлау;

ОН3. Ғылыми таным әдіснамасының негіздерін филология саласындағы іргелі білімдерін көрсете отырып, әртүрлі тілдердегі номинациялар тәсілдерін, заманауи үрдістерді, өзекті проблемаларды, оның ішінде тілдің лингвистикалық аспектілерін, оқытудағы инновациялық тәсілдерді салыстырудың базалық тәсілдерімен талдау;

ОН4. Ақпаратты талдау, модельдеу және генерациялаудың жалпы және жеке әдістерін пайдалана отырып, әлеуметтік-экономикалық контекстке лингвистикалық сараптама және талдау жүргізу, қазіргі лингвистика бағыттарында бағдарлану;

ОН5. Кәсіби қызметтегі лингвистикалық, психологиялық және педагогикалық ғылымдардың заманауи трендтерін жүйелеу. Белгілі бір жаңа лингвистикалық бағытқа, тұжырымдамаға бағытталған әртүрлі зерттеу әдістерін пайдалана отырып, тілдік материалды саралау.

ОН6. Семантика мен лингвистиканың, әлем тілдерінің, оның ішінде қазақ тілінің дамуына әсер ететін сыртқы және ішкі факторларды сыни тұрғыдан бағалау, сондай-ақ тіл білімінде пайдаланылатын фразеологиялық бірліктердің семантикалық-құрылымдық ерекшеліктерін, сыни бағалау, модальдық, коннотациялық функцияларын практикада қолдану.

## **3 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН БІТІРУШІ ТҮЛЕКТІҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІ**

**3.1** Білім беру бағдарламасы бойынша оқуын табысты тәмамдау түлектің келесідей құзыреттіктерін қалыптастыруға ықпал етеді:

- шешуші құзыреттіліктер (ШҚ)
- кәсіби құзыреттіліктер (КҚ).

### ***Шешуші құзыреттіліктер:***

- (ШҚ1) *ана тілі саласында*

Филология саласында ұғымдарды, ой, сезім, фактілер мен пікірлерді жазбаша және ауызша түрде (тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу) білдіру және түсіну қабілетін, сондай-ақ оқу кезінде, жұмыста, үйде және бос уақытында лингвистикалық және шығармашылық тұрғыдан жан-жақты қоғамдық және мәдени контексте тиісті түрде меңгеру қабілеті;

(ШҚ 2) *шет тілдері саласында*

- шет тіліндегі коммуникациялардың негізгі дағдыларын – кәсіби саладағы ұғымдар, фактілер мен пікірлерді тиісті әлеуметтік және мәдени контексте ауызша және жазбаша түрде (тыңдау, сөйлеу, оқу, жазу) түсіну, білдіру және түсіндіру

дағдыларын, медиация және мәдениетаралық түсінік дағдыларын меңгеру қабілеті;

*(ШҚ3) іргелі математикалық, жаратылыстану ғылымы және техникалық дайындық*

- ЖОО-да математикалық, жаратылыстану-ғылыми, техникалық пәндерді оқытуда білім беру әлеуетін, тәжірибесі мен жеке қасиеттерін қолдана білуге дайын болу және меңгеру, кәсіби міндеттерді шешуде бақылау және бағалау тәсілдерін айқындау, математикалық және жаратылыстану-ғылыми жағынан ойлауды дамыту қабілеті;

*(ШҚ4) компьютерлік*

- жұмыста, бос уақытта және коммуникацияларда заманауи ақпараттық және сандық технологияларды сенімді, әрі сыни тұрғыда пайдалану, оларды қолдануда, қалпына келтіру, бағалау, сақтау, өндіру, таныстыру және компьютер арқылы ақпарат алмасу дағдыларын меңгеру, кәсіби қызмет саласында Интернет арқылы ынтымақтас желілерде қарым-қатынас жасау және қатысу қабілеті

*(ШҚ5) әлеуметтік*

- қоғамдық пікірге, дәстүрлер, салттар, нормаларға негізделген әлеуметтік-этикалық құндылықтарды меңгеру және оларға өзінің кәсіби қызметінде сүйене білу қабілеті; Қазақстан халықтарының мәдениетін білу және олардың дәстүрлерін сақтауға бағытталу; Қазақстанның құқықтық жүйесінің негіздері мен заңнамасын білу; қоғамның әлеуметтік даму үрдістерін білу; түрлі әлеуметтік жағдайларда жұмыс істей білу; мәмілеге келе білу, өз пікірін ұжым пікірімен сәйкестендіре білу; іскери әдеп нормаларын, әдеп және құқықтық нормаларды меңгеру; кәсіби өсу және жеке тұлға ретінде дамуға талпыну; командамен жұмыс жасай білу, өз көзқарасын жетік дәлелдей алу, жаңа шешімдер ұсына білу; басқа индивидтарға қатысты толеранттылық таныта білу қабілеті.

*(ШҚ6) экономикалық, басқарушылық және кәсіпкерлік*

- экономиканы мемлекеттік реттеу мақсаттары мен әдістерін, экономикадағы мемлекеттік сектордың рөлін білу және түсіну; экономикалық білім негіздерін меңгеру; сыни ойлау, интерпретация, талдаудың креативтілігін, қорытынды шығару, бағалау дағдыларын меңгеру; кәсіби міндеттерге қол жеткізу үшін жобаларды басқару, персоналды басқара білу, кәсіпкерлік дағдыларын көрсете білу қабілеті

*(ШҚ7) мәдени дайындық*

- Қазақстан халқының дәстүрі мен мәдениетін білу және түсіну, әлемнің басқа халықтарының дәстүрі мен мәдениетіне толерантты болу, толеранттылықта төзімділік таныту, жоғары рухани қасиеттерге ие бола білу, зиялы адам ретінде қалыптасу қабілеті.

*(ШҚ8) қосымша құзыреттілік*

- сыни ойлай білу, түсіндіру, шығармашылық талдау, қорытынды шығару, бағалау дағдыларын меңгеру; креативті және белсенді өмірлік позициясы бар болуы; кәсіби сипаттағы тәуекел және белгісіздік жағдайларда шешім қабылдай алу қабілеті.

### **Кәсіби құзыреттіліктер (КҚ).**

КҚ1- магистранттардың жеке қабілеттерін анықтай білу және оларды ескере отырып, оқу үдерісін қалыптастыру;

КҚ2 - ұйымдастырушылық және басқарушылық функцияларды жүзеге асыруға байланысты проблемаларды тұжырымдау және шешу, оларды жүзеге асыру үшін зерттелген ғылымның әдістерін қолдану мүмкіндігі;

КҚ3-атқарушылардың жұмыстарын ұйымдастыра алу және басқарушылық шешімдер қабылдай білу қабілеттілігі;

КҚ4 - диссертация тақырыбына қатысты аналитикалық ақпараттар даярлауға деген қабілеттілік;

КҚ5 - өз мамандығына қатысты негізгі мәселелерді түсіне білу, әдістер мен оларды шешуге арналған тәсілдерді таңдай білу;

КҚ6 - ғылыми семинарларды, конференцияларды, ғылыми жарияланымдарды дайындау және редакциялауды дайындау және жүргізе білу;

КҚ7 - филология ғылымының таңдалған нақты саласында тереңдетілген білімді көрсете білуге қабілетті болу;

КҚ8 - филология саласындағы қазіргі заманғы бастапқы парадигмаларды және оның даму динамикасын, филологиялық зерттеулердің әдіснамалық әдістері мен әдістемелік жүйесін білуге қабілетті болу.

**3.2 Білім беру бағдарламасы бойынша оқу нәтижелері мен модульдердің жалпы қалыптасқан құзыреттіліктері ара қатынасының матрицасы**

	<b>P1</b>	<b>P2</b>	<b>P3</b>	<b>P4</b>	<b>P5</b>	<b>P6</b>
Ғылым тарихы мен философиясы	+					
Шет тілі (кәсіби)		+				
Басқару психологиясы					+	
Жоғары мектеп педагогикасы			+		+	
Кәсіптік пәндерді оқыту әдістемесі			+		+	
Педагогикалық практика			+		+	
Функционалды грамматика			+		+	
Семасиология және ономазиология			+		+	
Тіл білімінің жаңа бағыттары			+	+	+	
Эстетикалық ойлау және тіл білімі тарихы			+	+	+	
Зерттеу практикасы	+					+
Қазақ тілінің фразеологиялық семантикасы						+
Семантикадағы лингвистикалық эксперимент						+
Қазіргі қазақ стилистикасының даму бағыттары мен түрлері					+	+
Латын графикасы және графикалық лингвистика мәселелері					+	+
Жалпы семантика және тілдік бірліктердің мәні					+	
Тілдік бірліктердің прагматикасы					+	
Лингвистикалық зерттеулерді ұйымдастыру			+	+		

және жоспарлау						
Тілді лингвомәдени талдау			+	+		
Лингвистиканың аспектілері мен жаңа бағыттары					+	+
Этнолингвистика: тіл және мәдениет					+	+
Мәтін синтаксисі						+
Интертекстуалды теория						+
Ғылыми дискурстың тілдік құрылымы			+	+	+	
Диахрония мен синхрониядағы тілдік бірліктер мен санаттар			+	+	+	
Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы						
Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау						

**4.БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МОДУЛЬДЕР ТҰРҒЫСЫНДАҒЫ  
ИГЕРІЛГЕН КРЕДИТТЕР КӨЛЕМІН  
КӨРСЕТЕТІН ҚҰРАМА КЕСТЕ**

Оқу курсы	Семестр	Меңгерілетін модульдер саны	Оқытылатын пәндер саны			Кредиттер саны KZ					Барлығы сағат бойынша	Кредиттер қорытындысы KZ	Саны	
			ЖҚ	ҚК	ҚВ	Теориялық оқу	Оқу тәжірибесі	Өндірістік практика	Ғылыми зерттеу жұмысы	Қорытынды аттестаттау			экз	диф. сынақ
1	1	5	0	5	2	28			2		900	30	7	1
	2	3	0	1	4	20	8		2		900	30	4	2
2	3	3	0	0	3	16		12	2		900	30	3	2
	4	2	0	0	0				18	12	900	30		1
<b>Барлығы</b>						<b>64</b>	<b>8</b>	<b>12</b>	<b>24</b>	<b>12</b>	<b>3600</b>	<b>120</b>	<b>14</b>	<b>6</b>

## 5. Пәндер туралы мәліметтер

Модуль атауы	ЦИ КЛ	ЖК/ ТК	Компонент атауы	Пәннің қысқаша сипаты (30-50 сөз)	Кредит саны	Қалыптастыр ылатын ОН (кодтар)
Ғылыми-педагогикалық дайындық модулі	БП	ЖК	Ғылым тарихы мен философиясы	Ғылым феноменінің мәселелерін философиялық талдау пәні ретінде қарастырады. Ғылымның тарихы мен теориясы, ғылымның даму заңдылықтары мен ғылыми білімнің құрылымы, ғылыми зерттеулерді жүргізу әдістері, қоғамның дамуындағы ғылымның рөлі туралы білімді қалыптастырады. Нақты ғылымдардың философиялық мәселелерін, ХХІ ғасырдағы коммуникативті технологиялардың мәнін және олардың қазіргі ғылымдағы рөлін көтереді және сипаттайды.	4	ОН1
	БП	ЖК	Шет тілі (кәсіби)	Мазмұнды қамту дәрежесі әртүрлі шет тіліндегі түпнұсқа дереккөздерді оқудың негізгі түрлерін меңгеру. Мамандық бойынша ғылыми тақырыптарға жазбаша хабарламаларды жасау: ғылыми зерттеу тақырыбы бойынша тезистер, шет тіліндегі түпнұсқа дереккөздерді рефераттауды жүзеге асыру, ғылыми мәтінді аннотациялау	4	ОН2
	БП	ЖК	Басқару психологиясы	Жоғары білікті мамандардың кәсіби қызметіне қажетті қазіргі заманғы психологиялық ғылымның негізгі тәсілдері мен принциптерін сипаттайды. Іргелі психологиялық ұғымдар, психологиялық	4	ОН5



				ғылымның ғылыми идеясы, психологиялық зерттеу әдістері жүйеленеді. Жеке тұлғаны психологиялық зерттеудің әдістері мен үрдістерін қолдану.		
<b>Оқытудың әдістемелік негіздері</b>	БП	ЖК	Жоғары мектеп педагогикасы	Қазақстандағы жоғары кәсіби білім беру жүйесі зерттелуде. Педагогикалық ғылымның әдіснамасы, жоғары мектеп оқытушысының кәсіби құзыреттілігі сипатталады. Инновациялық оқыту негізінде оқу процесін талдау және жоспарлау. Болашақ мамандарды даярлауда оқытудың әртүрлі әдістері мен заманауи нысандарын қолдану. Маманның тұлғасын қалыптастыру, тәрбиелеу және білім беруде жаңа трендтерді қолдану.	4	ОН3 ОН5
	КП	ЖК	Кәсіптік пәндерді оқыту әдістемесі	Лингвистиканың арнайы пәндерін оқытуға бағытталған, алға қойылған міндеттерді шешудің тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін білім, білік және әдіс-тәсілдер, ережелер кешені талданады. Оқуды өнімді кәсіби іс-әрекет ретінде жобалауға мүмкіндік беретін белсенді және интерактивті әдістердің жиынтығы ретінде студентке бағытталған оқытудың әдістемелік аспектілері мен инновациялық тәсілдерін қолданады.	5	ОН3 ОН5

	БП	ЖК	Педагогикалық практика	Теориялық білімді, оқу процесінде алынған жаңа әдістерді, филология бойынша кәсіби қызметтің практикалық дағдыларын, құзыреттері мен тәжірибесін, сондай-ақ озық тәжірибені меңгеруді бекітеді. Түрлі журналдарда талдамалы материалдар мен жарияланымдар дайындау арқылы БАҚ-пен жұмыс істеудің іргелі білімі мен дағдыларын көрсетеді.	4	ОН3 ОН5
<b>Тіл білімінің негізгі мәселелері</b>	КП	ТК	Функционалды грамматика	Тіл құрылымы бірліктерінің қазіргі заманғы функцияларын, әртүрлі тілдік деңгейлерге жататын құралдардың бірыңғай жүйесінде осы типтегі грамматиканы зерттеуді, грамматикалық бірліктердің өзара әрекеттесу заңдылықтарын, лексика мен контексті жіктеуді, сөздің мағынасын жеткізуге қызмет ететін тілдік құралдардың жұмыс істеуін талдайды. Тіл функциясы проблемасының құрылымдық-жүйелік және коммуникативті аспектілерін біріктіру мүмкіндіктерін пайдалану.	7	ОН3 ОН5
			Семасиология және ономасиология	Семасиологияның негізгі ғылыми ұғымдарын және тілдік материалды талдау әдістерін, тіл-жүйе деңгейіндегі ономасиологияны және тіл-сөйлеу деңгейіндегі ономасиологияны зерттеу. Ономасиологиялық білім парадигмасындағы әдіснамалық принциптер мен әдістемелік әдістердің ерекшеліктерін анықтау. Ғылыми таным әдіснамасының негіздерін әртүрлі тілдердегі номинациялар тәсілдерін салыстырудың базалық тәсілдерімен талдау.		ОН3 ОН5

	БП	ТК	Тіл білімінің жаңа бағыттары	Қазіргі лингвистиканың принциптері мен олардың тіл білімінде жүзеге асырылу ерекшеліктерін, ХХ-ХХІ ғғ. қазақ тіл білімінің жаңа бағыттарының мәнін және олардың қазақ филологиясы тарихындағы орнын талдайды. Диссертациялық зерттеуде бастапқы теориялық ұстанымдарды таңдауда осы білімді одан әрі қолдану мақсатында қазіргі филологияның әртүрлі бағыттары мен тұжырымдамаларындағы жаңа лингвистикалық пәндердің негізгі ұғымдарын салыстырады.	6	ОН3 ОН4 ОН5
			Эстетикалық ойлау және тіл білімі тарихы	Қазақ тілінің қазіргі заманғы теориялық және қолданбалы мәселелерін ұлттық ойлауды білдіруші ретінде зерделеу. Ойлаудың эстетикалық өрісінің проблемаларын сананың эстетикалық қасиеттерін талдау қажеттілігі, ойлау өнерінің мүмкіндіктерін жеке түсінуден және ережелерін жасаудан ойдың пайда болу процесі ретінде қарастырады.		ОН3 ОН4 ОН5
			<b>Зерттеу практикасы</b>	Ғылыми шығармашылық әдіснамасын пайдалану және кең түсінуді талап ететін дербес ғылыми-зерттеу және ғылыми-педагогикалық қызмет дағдыларын меңгеруді қалыптастырады. Ғылыми - зерттеу және педагогикалық қызмет барысында туындайтын және тереңдетілген кәсіби білімді талап ететін міндеттерді тұжырымдау және шешу білігін бағалайды. Белгілі бір зерттеу міндеттеріне негізделген қажетті әдістерді таңдайды.	7	ОН1 ОН6

<b>Тіл білімінің теориялық және әдіснамалық негіздері</b>	КП	ТК	Қазақ тілінің фразеологиялық семантикасы	Фразеологизмдердің семантикалық құрылымын, грамматикалық сипатын, қалыптастыру және түрлендіру жүйесін, құрылуын бағалайды. Тіл білімінде қолданылатын фразеологиялық бірліктердің семантикалық-құрылымдық ерекшеліктері, сыни бағалау, модальдық, коннотациялық функциялары. Қазақ тілінің сөздік құрамын дамыту, толықтыру мәселелеріне баса назар аударады, сөз мәнінің, фразеологиялық бірліктердің құрамының, түрлерінің өзгеруіне, сөздіктерді құрастыру принциптеріне және оларды жасау тәсілдеріне назар аударады.	6	ОН6
			<b>Семантикадағы лингвистикалық эксперимент</b>	Лексикалық семантикада көрсетілген сөзді зерттеудің негізгі әдісін интроспекция ретінде пайдалану, семасиологтың осы сөзбен өз санасына байланысты психикалық объектілер мен процестерді бақылауы. Семантикадағы Эксперимент дұрыс деп танылған қолданыстарды бақылау негізінде ұсынылған семантикалық гипотезаларды растауға немесе жоққа шығаруға қызмет етеді. Теориялық және практикалық зерттеулерден семасиологияның лингвистикалық заңдылықтарын және қазақ тілінің ерекшеліктерін, қазақ тіліндегі мағынаның берілу жолдарын анықтау.		ОН6
	БП	ТК	Қазіргі қазақ стилистикасыны	Қазіргі тіл білімінің стилистикалық нормаларын, тіл жүйесінің барлық	4	ОН 5 ОН6

			ң даму бағыттары мен түрлері	деңгейлеріндегі қазақ тілінің стилистикалық ресурстарын салыстыру. Мәтінді стилистикалық талдау мен қазақ тілін дамытудың классикалық және жаңа әдістерін қолдану. Мәдениетаралық қарым-қатынас мәтіндерін редакциялау, тілдік талдау, әртүрлі функционалды стильдердің мәтіндерін интерпретациялауды, сөйлеу түрлерін жіктеуді салыстырады, модель бойынша стилистикалық талдау, зерттеу қызметіндегі жоғары зияткерлік адалдық дағдыларын жүргізеді.		
			<b>Латын графикасы және графикалық лингвистика мәселелері</b>	Графикалық лингвистика және латын графикасы тарихын, жазуды, жазбаша белгілерді және жазбаша тілді зерттеу. Графикалық лингвистика мен латын графикасының негізгі бағыттарын жазу туралы жалпы ғылым ретінде – эпиграфика, палеография, графика, орфография және графемика деп бағалайды. Әр бағыттың ерекшеліктерін, олардың нысанын, тақырыбын, лингвистикалық зерттеудің мақсаттары мен міндеттерін жіктейді.		ОН 5 ОН6
<b>Тілдің лингвистикалық-грамматикалық негіздері</b>	КП	ТК	<b>Жалпы семантика және тілдік бірліктердің мәні</b>	Тіл білімінде бар мағына концепциясын нақтылайды. Типологияны және негізгі семантикалық бағыттар мен мектептерді жүйелейді. Психолингвистикада, когнитивтік лингвистикада және т.б. дамыған семантиканы зерттеудің жаңа әдістерін анықтайды. Тіл бірліктерін олардың прагматикасының ерекшелігі тұрғысынан	7	ОН5

			түсіну. Лексика-семантикалық ақпараттың (сигнификативті, денотативті, виртуалды компонент) тілдік мәні мен компоненттері туралы түсінік қалыптастырады		
		<b>Тілдік бірліктердің прагматикасы</b>	Тіл білімі мен прагматиканың өзекті мәселелерін тілдің семиотикалық аспектілерінің бірі, сондай-ақ сөйлеуші адамдардың өзара әрекеттесуі ретінде талдайды, қарым-қатынас процесінде сөйлеуші мен тыңдаушының рөлін ашады, тілдік және семиотикалық бірліктердің өзектілігі теориясын, мәдениетаралық қарым-қатынас прагматикасын қарастырады. Олардың прагматикасына байланысты әртүрлі тілдік бірліктердің ерекшелігі туралы түсінік қалыптастырады, мағынаның әртүрлі компоненттерін бөлуді қарастырады: сигнификативтік, денотативтік, прагматикалық.		ОН 5
КП	ТК	<b>Лингвистикалық зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау</b>	Ғылыми зерттеулердің әдіснамалық қамтамасыз етілуін қалыптастырады, зерттеу үшін қойылған міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін зерттеудің осындай тәсілдері мен әдістерін таңдайды. Ғылыми зерттеулердің перспективалық бағыттарын анықтайды, зерттелетін проблеманың өзектілігін, теориялық және практикалық маңыздылығын негіздейді. Гипотезаларды талдайды, қолданбалы зерттеулер жүргізеді. Ғылыми зерттеулерді жүргізудің әдіснамасымен және әдістемесімен таныстырады.	4	ОН3 ОН4

			<b>Тілді лингвомәдени талдау</b>	XXI ғасырдың лингвистикасын зерттейді, тілді ұлттың мәдени коды, қарым-қатынас және таным құралы ретінде талдайды. Лингвомәдениеттанудың ғылым ретінде қалыптасу тарихын суреттейді. Көркем-мәнерлі құралдар негізінде тіл арқылы халықтың менталитеті мен оның мәдениетін аша отырып, тілдің дамуына әсер ететін тіл мен мәдениеттің өзара іс-қимылы туралы түсінікті қалыптастырады.		ОН3 ОН4
<b>Лингвистика және ғылыми дискурс</b>	КП	ТК	Лингвистиканың аспектілері мен жаңа бағыттары	Қазіргі лингвистиканың негізгі принциптерін, қазақ тіл білімінің жаңа бағыттарының мәнін сипаттайды. Тілдік бірліктерді талдауда жаңа лингвистикалық пәндердің әдіснамалық жағдайын қолдану, жаңа лингвистикалық бағыт пен тіл тұжырымдамасына бағытталған әртүрлі зерттеу әдістерін пайдалана отырып, тілдік материалды жүйелеуге, жіктеуге үйретеді. Қазіргі заманғы үрдістерді, өзекті мәселелерді, оның ішінде тілдің лингвистикалық аспектілерін талдайды.	7	ОН5 ОН6
			<b>Этнолингвистика: тіл және мәдениет</b>	Белгілі бір этностың дәстүрлі халықтық мәдениеті мен менталитетіне зерттеу жүргізеді. Тіл (жалпыхалықтық және диалектілік), фольклор, этнография, тарих, мәдениеттану, көркем әдебиет, психология және басқа да гуманитарлық пәндердің деректерін пайдаланады. Этнолингвистиканың мақсаты, міндеттері, әдістерімен таныстырады, этнолингвистика, этнопсихологиялық лингвистика, лингвомәдениеттану және		ОН5 ОН6

			лингвомәдениеттану ғылымдарының айырмашылығы мен ұқсастығын береді. Этнолингвистика үшін бір-бірімен тығыз байланысты екі мәселені анықтайды: «когнитивтік» және «коммуникативтік».			
	БП	ТК	Мәтін синтаксисі	Бүкіл мәтіннің синтаксистік ұйымдастырылуын зерттейді: тәуелсіз сөйлемдер арасындағы байланыс, мәтін бірліктері (сөйлем, прозалық строфа – күрделі синтаксистік тұтастық, үзінді және т.б.), тұтас сөйлеу туындысы. Синтаксистік мәтін ойлау заңдылықтарына сүйене отырып, мәтіннің синтаксистік (оның ішінде интонациялық-ырғақты) ұйымдастырылуын зерттейді.	5	ОН6
			Интертекстуалды теория	Қазіргі мәдениеттегі интермәтінділік феноменін анықтайды. Интермәтіндік талдау әдістерін зерттейді. Интермәтінділік феноменінің қазіргі теориялық тұжырымдамаларын салыстыру. Интермәтіндік байланыстар мәнінде қазіргі тілді, интертекстуалды өзара әрекеттесулер типтерінің феноменін, қазіргі әдебиеттану терминологиясын қарастырады, ғылыми зерттеу дағдыларын қалыптастырады.		ОН6
	КП	ТК	Ғылыми дискурстың тілдік құрылымы	Ғылыми дискурстың ауызша және жазбаша түрлерінің ерекшеліктерін; ғылыми коммуникацияның тілдік аспектілерін қарастырады, кәсіби қызмет саласындағы міндеттерді шешу үшін ғылыми коммуникация модельдерін құрастырады, қазіргі теориялық және қолданбалы	6	ОН3 ОН5 ОН6



			<p>мәселелерді талдайды, ғылыми коммуникацияны жүзеге асыру үшін, диалогтік және монологиялық ғылыми сөйлеу негіздерін (ауызша және жазбаша нұсқаларда), сөйлеу әрекетінің техникасын тұжырымдайды.</p>		
		<p><b>Диахрония мен синхрониядағы тілдік бірліктер мен санаттар</b></p>	<p>Диахрониядағы грамматика негіздері туралы, қазақ тілінің синхронды және диахрондық факторларын ажырату критерийлері туралы ғылыми түсінік қалыптастырады; тарихи-филологиялық зерттеулердің нәтижелерін талдайды; кәсіби қызметті жүргізу үшін қажетті білімді, іскерлікті және дағдыларды жүйелейді, лингвистикалық ой-өрісін кеңейтеді, проблемалық сипаттағы мәселелерді қарауға аналитикалық тәсілді пайдаланады; тіл тарихы фактілерін ұғыну және практикада диахрондық-синхронды талдау дағдыларын қолдану кезінде заманауи трендтерді пайдаланады.</p>		<p>ОН3 ОН5 ОН6</p>

## КЕЛІСІМ ПАРАҒЫ

Білім беру бағдарламасы бойынша код 7M02310 - "Филология"

Директор ДАВ \_\_\_\_\_ Наукенова А.С.

Директор ДАН \_\_\_\_\_ Назарбек У.Б.

Директор ДПиК \_\_\_\_\_ Бажиров Т.С.